



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.06.2017 ж.

№ 10 4-т.

Қолданыстағы еңбек ақы төлеу жүйесін жетілдіру,
педагог қызметкерлердің мәртебесін арттыру жөніндегі
ұсыныстарды әзірлеудегі жұмыс тобының қызметі туралы

Кәсіподақтың Атқару комитеті Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровтың «Қолданыстағы еңбек ақы төлеу жүйесін жетілдіру, педагог қызметкерлердің мәртебесін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеудегі жұмыс тобының қызметі туралы» ақпаратын және талқылай отырып, кәсіподақ басшылығының сала қызметкерлерінің жалақысын көбейтуге, қолданыстағы еңбек ақы төлеу жүйесін жетілдіруге, қызметкерлердің жалпы еңбек жағдайын жақсартуға, педагог және ғылыми-педагог қызметкерлердің мәртебесін арттыруға бағытталған нормашығарушылық жұмыста кәсіподақ органдарының қатысуын белсендендіру жөнінде шаралар қабылдайтынын атап өтеді. Кәсіподақ тарапының ұсынысы бойынша, әлеуметтік әріптестік пен білім және ғылым саласындағы әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Салалық комиссияның шешімімен жұмыс тобы құрылып, міндеті – жоғарыда аталған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Жұмыс тобы өз жұмысын жүйелі негізде жүргізіп, отырыстарын жиі өткізіп тұрады.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының
Атқару комитеті

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровтың «Қолданыстағы еңбек ақы төлеу жүйесін жетілдіру, педагог қызметкерлердің мәртебесін арттыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеудегі жұмыс тобының қызметі туралы» ақпараты мәліметке алынсын.

2. Кәсіподақ төрайымы М.Т.Амантаеваға жалақыны көбейту, еңбек ақы төлеу жүйесін жетілдіру, педагог және ғылыми-педагог қызметкерлердің мәртебесін арттыру мәселелері жөніндегі Кәсіподақ ұсыныстарының табанды және мақсатты бағытталған түрде алға жылжуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаров сала қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық хал-жағдайларын жақсартуға қатысты білім және ғылым саласының нормативтік құқықтық базасын жетілдіруге бағытталған Кәсіподақтың

Салалық Кеңесімен жүргізілетін жұмыс туралы кәсіподақ мүшелерін ақпараттандыру жұмысын ұйымдастырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төрайым

М.Т. Амантаева